

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ҚОЛДАНУ

Абишева Мейрамгуль Кайржановна

miram88@mail.ru

«Информатика» білім бағдарламасының 1 курс магистранты
М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жектекшісі, п.ғ.к., доцент – **Медешова А.Б.**

2019 жылы енгізілген төтенше жағдай адам баласының әдеттегі өмір сүру бағытын аяқ асты өзгертті. Әлемде күтпеген жағдай орын алды. Білім беру жүйесінде біршама өзгерістер болды. Сонымен қатар, Қазақстанның білім беру орындары дерлік қашықтықтан оқыту жүйесіне көшті. Ол бүкіл оқыту және білім беру технологиясын жаңа қырынан тану болды. Қашықтықтан оқыту, әсіресе, студенттерді оқыту үрдісінде ақпараттық технологияларды қолдану ZOOM, BILIMLAND, WHATSAPP, TELEGRAM желісін т.б. платформаларды қолдану қиындыққа соқты. Дегенмен, студенттер әр уақытта тапсырмаларды орындап, оқытушыдан кері байланысты көңіл-күйді білдіретін түрлі смайлдық белгішелер арқылы алып отырды. Оқытушы мен студенттер арасындағы диалог бейнеконференция, топтық чаттар, презентациялар, тесттер, бейнероликтер арқылы жүзеге асырылды. Сонымен қатар, сабақтан соң бейнероликті қайта-қайта қарау мүмкіндігі арқасында жоғары тиімділікке қол жеткізілді. Осыған орай Н.Ә.Назарбаевтың Білім және Ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде «мұғалімдердің жаңа білім деңгейі жөнінен әлдеқайда жоғары болуы керек. Ол үшін жаңа формацияның педагогі қажет» - деген тұжырымы бүгінгі осы талапқа әкелгендей болып отыр. Яғни, студентпен бірге оқытушы да жаңа форматтағы технологияны жан-жақты меңгеруге мүмкіндік алды. Қашықтықтан оқытудың бір ерекшелігі студенттің өз еркімен ізденуіне, білім алуына еркіндік берді. Кейбір жағдайда алыс шалғайларда тұратын студенттердің интернетке қолжетімсіздігі, ал кейбіреуінде мүлдем компьютердің болмауы тиімсіз болды. Студенттер интерактивті теледидар арқылы жүргізілетін бағдарламаны оқытушыдан әртүрлі қашықтықтағы аудиториямен тікелей бейнелік жанасу мүмкіндігін алып отырды. Қашықтықтан оқыту –инновациялық білім беру технологияларын қолдану арқылы географиялық жер алшақтығына қарамастан оқыту, яғни, оқытушы мен студенттің сан алуан қашықтықта білім беру технологияларын қолдану арқылы қарым-қатынасқа түсуі, өзара бір - бірімен әрекеттестігі болып табылады. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқыту бұл интернет-ресурстар мен телесабақтар, желілік платформалар арқылы жүзеге асырылатын және оқу үрдісіне тән компоненттерді қамтитын үрдіс [1;1].

Қашықтықтан оқыту технологиясының пайда болуына қашықтықтан ақпарат берудің әртүрлі құралдарының дамуы ықпал етті. Осы педагогикалық технологияның негізін қалаушы 1840 жылы стенография студенттеріне пошта арқылы сабақ бере бастаған ағылшын Исаак Питман болып саналады. XIX ғасырдың 50-ші жылдарында Густав Лангеншейдт Германияда «оқыту хаттарын» - тілді меңгеруге арналған өзін-өзі нұсқаулықпен басып шығарды. 1870 жылдары АҚШ-та қашықтықтан оқыту бағдарламалары құрыла бастады. 1917 жылдан кейін Ресейде «консультациялық» (сырттай) білім беру моделі дамыды. 1969 жылы алғашқы қашықтықтан оқыту университеті - Ұлыбританияның ашық университеті ашылды, содан кейін бүкіл әлемде осындай білім беру мекемелері пайда бола бастады. Қазіргі кезде дүние жүзі бойынша магистратура мен докторантураны қалаған елде оқуға мүмкіндік бар. Қашықтықтан оқыту технологиясының дамуы коммуникация құралдарының дамуына тікелей байланысты. Телеграф, телефон, радио, содан кейін теледидар мен компьютерлік технологияларды ойлап табу студенттер санын едәуір көбейтуге және осы педагогикалық қызметтің сапасын жақсартуға мүмкіндік берді. Бүгінгі күні қашықтықтан оқыту Интернеттің әр түрлі ақпараттық

ресурстарын (мәтіндік құжаттар, мультимедиялық, аудио-видео конференциялар және т.б.) пайдалана отырып жүзеге асырылады, оның көмегімен педагогикалық қызметтің жаңа формалары мүмкін болды: қашықтан зертханалық жұмыстар мен шеберханалар, виртуалды экскурсиялар, студенттер мен оқытушылардың компьютерлік корреспонденциясы және басқалары[2;352]. Кең таралған классификацияға сәйкес қашықтықтан оқыту технологиясының үш түрін атап көрсетуге болады.

1. Кейс технологиясы. Студент курсқа қажетті материалдарды алады (кітаптар, оның ішінде электронды оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, тест жұмыстары, арнайы компьютерлік бағдарламалар, мысалы, Consultant Plus және т.б.). Қарым-қатынасты тьютор қолдайды (қашықтықтан оқытуды жүргізетін және оқытушының, кеңес берушінің және оқу үрдісін ұйымдастырушының функцияларын бір уақытта орындайтын оқытушы кеңесші), ол тыңдаушылармен телефон, пошта және басқа байланыс құралдары арқылы байланысады немесе консультациялық орталықтар мен оқу орталықтарында олармен тікелей кездеседі.


Қазір кейс технологиясын педагогикалық оқыту үрдісіне енгізу әдіс-тәсілдері Л.Барис, В.А. Ясвин, К. Кристенсен, Э.хансен, М.В. Коротков, М.В. Кларин, А.И.Наумова, А.М.Зобина, М.С.Керимбаева, В.А.Канн-калик, Н.Д.Никандров, Б.Н.Киселева, И.В. Липсина, Г.А.Полонский, Д.Экинсон, И.Уилсондар еңбектерінде қарастырылған.

2. Телевизиялық және спутниктік технологиялар интерактивті теледидарды қолдануға негізделген: zoom, теледидар және радио дәрістер, бейнеконференциялар, виртуалды практикалық жаттығулар және т.б. Бұл Тихонов А.Н еңбектерінде қамтылған.

3. Интернеттегі оқыту немесе желілік технология. Студент барлық қажетті материалдарды алады және оқытушымен (нұсқаушымен) Интернет арқылы да байланыс алады[3;272].

Қашықтықтан оқытудың теориялық және практикалық негіздері Р.М. Деллинг, М.Дж. Мур, М.Ю. Бухаркин, В.Г. Кинелев, М.В. Моисеева, В.И. Овсянников, В.И. Солдаткин, А.В. Хуторский, С.А. Щенников, Т.Х. Хакимова, Ш.А. Курманбаева, К.А. Тулентаева және т.б. сияқты шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерінде баяндалған.

Желілік технология екі режимде (сурет 1) жүзеге асырылады.



Сурет 1. Желілік технология бөлінісі.

Мұны кейде синхронды және асинхронды режимде оқыту деп те атайды. On-line қарым-қатынас online-сабақ, online-кеңес формасында ұйымдастырылады. Атап айтқанда, студенттер «Робототехника негіздері» онлайн курсынан online-кеңесті ZOOM платформасы арқылы өтті. Аталмыш курсты Offline режимде оқитын студенттер online-кеңес кезінде өз сұрақтарын қойып, online режимде өзара пікір алмасты және оқытушының нақты кеңесін алды.

Қашықтықтан оқытудың бірқатар артықшылықтары бар, бұл қашықтықтан оқытудың заманауи педагогикада жетекші орындардың бірін иеленуіне ықпал етті.

Біріншіден, бұл қол жетімділік пен ашықтық, яғни жұмыс пен оқуды біріктіруге, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандар мен шалғай аудандардан келген адамдарға білім алуға мүмкіндік беретін оқу орнының орналасқан жерінен шықпай-ақ оқу мүмкіндігі. Сонымен бірге білім беруді шетелдік университеттерден де алуға болады.

Екіншіден, тренинг жеке қарқынмен жүреді, демек, әр адам жеке жағдайлары мен қажеттіліктеріне, сондай-ақ сабақтардың ыңғайлы орны мен ұзақтығына байланысты материалды үйренудің қажетті жылдамдығын өз бетінше таңдай алады.

Үшіншіден, қашықтықтан оқыту студенттердің шығармашылық өзін-өзі танытуына жаңа мүмкіндіктер ашады, ал әр түрлі ақпараттық коммуникациялық технологияларды

қолдануы білім берудің тиімділігін арттыруға көмектеседі. Бірақ ең бастысы - уақыт пен ақшаны үнемдеу. Студенттерге сабаққа күнде барудың қажеті жоқ.

Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында ақысыз орындарға үлкен бәсекелестік бар, ал қашықтықтан оқыту үлкен шығындарды қажет етпейді, бұл адамдардың едәуір көп санына білім алуға мүмкіндік береді. Қашықтықтан білім беру негізінен білімді игеруге бағытталған және жеке тұлғаны тәрбиелеу мен әлеуметтендіруге аз көңіл бөледі, яғни қосымша білім мен біліктілікті арттыруға қолайлы.

Сонымен қатар, қашықтықтан оқытудың басқа да бірқатар кемшіліктері бар. Атап айтсақ, оны жүзеге асыру үшін жақсы техникалық жабдықтар қажет: компьютер мен Интернетке қол жетімділік, бұл кейбір жағдайларда ақшаның жетіспеушілігінен немесе ғаламдық компьютерлік желіге қосылу мүмкін болмауынан мүмкін болмайды. Мұндағы айқын кемшілік – оқытушы мен студенттер арасындағы бетпе-бет қарым-қатынастың болмауы, яғни білім беру мен жеке көзқарасқа қатысты барлық аспектілер алынып тасталады. Қашықтықтан оқытудың тиімділігі үшін студенттердің өзін-өзі басқаруы мен тәуелсіздігі де өте маңызды, ал студенттерге тұрақты бақылау болмағандықтан, олардың оқуға деген ынтасы төмендеуі мүмкін. Тәжірибелік сабақтың болмауы практикалық дағдыларды бекітуді едәуір қиындатады. Сонымен қатар, осы технологияны қолдану арқылы барлық мамандықтары оқытуға болмайды [4].

Біздің елімізде сырттай оқу формасы 2019 жылдан бастап қашықтан оқыту технологиясына көшіру қолға алынды. Қазақстандағы қашықтан білім беру жүйесінің барлық жетістіктері соңғы жылдардағы пандемия кезіндегі әлсіздігін танытты. Елімізде қашықтан оқыту бойынша эксперименттік зерттеулер кемдігі және part-time оқытуды енгізудің керектігі байқалды. Соның салдарынан кәсіби білім беруді цифрандыру жағдайында қашықтан оқытуды жаңғырту немесе трансформациялау қажеттілігі туындап отыр. Соңғы жылдары әлемде «ашық білім беру» моделі пайда бола бастады. Бұл модель әлемдік білімнің ашықтығы, адами таным үрдістері мен білімінен туындайды. Қашықтықтан оқытуда кәсіби білім беруді цифрандыру жағдайында «ашық білім беру кеңістігі» (АББК) арқылы full-time және part-time оқытуды жүзеге асырумен шешу қарастырылады. Білім алушылардың әлеуметтік және еңбекпен қамтылу жағдайына байланысты АББК-де full-time оқудағы білім бағдарламасының толық көлемін part-time оқу арқылы меңгеруін қамтиды [5].

Оқытудың желілік – технологиясын пайдалану, бір жағынан өте пайдалы, сабақтың қай түрінде болмасын қажетті материалды:

- Интернет желісін пайдалану арқылы тауып алуға болады;
- Электрондық поштаны пайдалану арқылы студентке жібере аласың;
- Телекоммуникациялық құрылғыларды пайдалану арқылы демонстрациялауға болады.

Қашықтықтан оқытуды күрделі процесс деп санамауымыз қажет, қазіргі білім беру ресурстарының болуы, материалды зерттеуді ұйымдастыруда және оның дамуын бақылауда оқытушының міндеттерін жеңілдетуге арналған. Тек дұрыс материалды таңдап, студенттермен байланысын жоғалтпау өте маңызды, үнемі олармен бірге екендігімізді және сабақ беру біздің ортақ міндетіміз екенін айқындап отыруымыз қажет. Біз топта пікірталас ұйымдастыра аламыз, жаңа материалды оқып білу және тапсырмаларды орындау кезеңінде сөйлесе аламыз.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру технологиялары, білім беру жүйесін цифрандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Білім беру жүйесін цифрандыру бағыты жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту максаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Сонымен, қашықтықтан оқу студенттер мен оқытушылар арасындағы, студенттердің өзара белсенді ақпаратпен алмасуын қарастыратын және жоғарғы дәрежедегі қазіргі ақпараттық технологияларды (аудио-визуалды құралдар, дербес компьютерлер, телекоммуникация құралдары, т.б.) пайдаланатын белгілі бір тақырыптар/оқу пәндері бойынша ұйымдастырылатын оқу үрдісі. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі технологиялары бар: кейс технология – оқытушы-тьюторлардың дәстүрлі және қашықтықтан консультацияларды ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуальды және мультимедиалық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруі үшін жіберуге негізделген.

Оқытудың жаңа түрі ретінде қашықтықтан оқыту мүлдем автономды жүйе бола алмайды. Қашықтықтан оқыту күндізгі оқу сияқты мақсаттарға (егер ол тиісті білім беру бағдарламалары бойынша құрылса), сол мазмұнға сәйкес құрылады. Алайда, материалды беру формасы, оқытушы мен студенттердің өзара әрекеттесу формасы әр түрлі болады. Қашықтықтан оқытудың негізгі дидактикалық принциптері кез-келген басқа оқытумен бірдей, бірақ қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру принциптері әр түрлі, олар қашықтықтан оқытуға тән, өйткені олардың формасының ерекшелігіне, интернеттің ақпараттық ортасының мүмкіндіктеріне, оның қызметтеріне (чаттар, форумдар, пошта, бейнеконференциялар) байланысты. Қашықтықтан оқытудың тән белгілері-модульділік, оқытушының рөлінің өзгеруі (негізінен курсты әзірлеушілердің, тьюторлардың және т. б. функцияларының бөлінуіне байланысты), оқу процесінің субъектілерінің қашықтыққа бөлінуі, оқытудың виртуалды кооперативтілігі, оқытушының бақылауынан өзін-өзі бақылаудың басым болуы, заманауи мамандандырылған технологиялар мен оқыту құралдарын пайдалану және т.б.

Қашықтықтан оқытуды қолданудың негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- белгілі бір мамандықтар бойынша педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру;
- Студенттерді жекелеген оқу пәндері бойынша емтихандарды сырттай тапсыруға дайындау;
- Студенттерді белгілі бір бейіндегі оқу орындарына түсуге дайындау;
- Студенттерді бейіндік оқытуды ұйымдастыру;
- қызығушылықтары бойынша қосымша білім беру;
- кадрларды кәсіби қайта даярлау;
- кәсіби дайындық [6].

Президенттің ықпал етуі тарапынан Қазақстан Республикасы орта білім беру жүйесін ақпараттандыру туралы мемлекеттік бағдарламасында «Қазақстан Республикасы дүниежүзінің дамыған елдері сияқты орта білім беру жүйесінен ақпараттандырудың нақты жолына түсуі тиіс, яғни бірыңғай ақпараттық білім беретін желіге негізделіп оқыту жүйесін жасау қажет» делінген. «Қашықтықтан оқыту технологиясы» оқу-әдістемелік құралында төмендегідей мәселелер анықталды: білім беру жүйесіндегі қашықтықтан оқыту технологиясының мәні мен рөлі; Қазақстан Республикасының білім мекемелерін де ҚО технологиясының қолданылу барысы. Қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі әлемдік ақпараттармен байланысуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алады. Қашықтықтан оқыту ақпараттық мәдениет деңгейі дидактикалық бағдарламалар білім саласында оқытуды басқару мен бақылауды автоматтандыру, студентке өз бетінше қайталанбайтын көпнұсқалы, көпдеңгейлі дидактикалық шарттар негізінде тапсырмалар беру, білім мен дағдыны объективті бағалау, ерекше ақпараттық материалдарды мультимедиалық формада беру, виртуалды өмірге енгізу, т.б. жаңа мүмкіндіктер ұсынылады. Сонымен қатар мұндай бағдарламалар қашықтықтан оқытудың материалды өз бетінше игеру жетілдірілген психологиялық педагогикалық әдістерді пайдалануға, қашықтықтан оқытуды студенттің жеке психофизиологиялық ерекшеліктеріне қарай таңдауға мүмкіндік береді [7;191].

Қорыта келе айтарым, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы оқытушылар мен студенттер әлемдік ақпараттармен

байланысуға, білімдерін онлайн жалғастыруға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік алады. Мақала АР14872018 «Кәсіби білім беруді цифрландыру жағдайында part-time оқыту» атты ғылыми жоба аясында дайындалды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Веб-ресурс https://ust.kz/word/maqala_qasyqytqan_oqyty-228895.html
2. Бидайбеков Е.Ы. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері /Авторлар ұжымы: Е.Ы. Бидайбеков, В.В. Гриншкун, Г.Б. Камалова, Д.Н. Исабаева, Б.Ғ. Бостанов / Оқулық. – Алматы, 2014.
3. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петров А.Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Под ред. Полат Е.С. – М.: Изд. Центр «Академия», 2001.
4. Дистанционное образование: плюсы и минусы. <http://dtraining.web-3.ru/introduction/okandbaddo/>
5. Веб-ресурс <http://www.edtime.kz/news/zhoba-referaty>
6. Овсянников В.И. Дистанционное образование в России: постановка проблемы и опыт организации. – М.: РИЦ «Альфа»; МГОПУ им. Шолохова, 2001.
7. Веб-ресурс <https://dokumen.pub/9786010410312.html>
8. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В. Теория и практика дистанционного обучения: Учеб. пособие для студентов высших педагогических учебных заведений / Под ред. Е.С. Полат. – М.: Издательский центр «Академия», 2004.
9. Московский государственный университет экономики, статистики и информатики Открытое образование. Термины и определения. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://www.info.mesi.ru/program/glossary00.html>
10. Полат Е.С., Хуторской А.В. Проблемы и перспективы дистанционного образования в средней образовательной школе: Доклад [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.ioso.ru/ioso/senatus/meeting280900.htm>